

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нусипова Гульнара Игенбайқызының «Қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысы: дәстүрден жаңғыруға дейін» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ШКІРІ

Г.И.Нусипованың диссертациялық жұмысы қазіргі кезеңдегі философиялық зерттеулердің өзекті тақырыбына арналған. Еркіндік құбылысы адамзаттың қол жеткізген түбегейлі жеңісі болғандықтан, әлемдік философияның үнемі назарында болып келді. Алайда ол Қазақстанның философиялық ойы үшін қазақстандық қоғамның қазіргі жаңғыруы кезеңінде ерекше маңызға ие болады, өйткені бүгінгі таңда болып жатқан процестер ұлттық мемлекеттер және олардың тәуелсіздігімен байланысты мәселелерді шиеленістіруде. Бұл бірінші кезекте посткеңестік кеңістікте пайда болған Орталық Азияның жас мемлекеттеріне қатысты.

Еркіндік құбылысы өте күрделі және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдардың байтақ кеңістігіндегі зерттеулердің алуан түрлі қырларында көрініс табатындықтан, ол саясаттану, әлеуметтану, тарих, заң, мәдениеттану, психология және т. б. әр түрде зерделенеді. Бұл қатарда маңызды дүниетанымдық және әдіснамалық рөл атқаратын философия ерекше орын алады. Бұл мәселе өзінің толықтай кең көлемде зерттелуімен қазақстандық философиялық дискурста енді ғана енуде. Бұған қазіргі Қазақстан дамуындағы жаңа шындыққа түбегейлі өтуде болып жатқан біздің заманымыздың әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени жағдайлары мүмкіндік жасайды. Сондықтан қазақ философиясының еркіндік құбылысын дәстүрден жаңашылдыққа дейін пайымдау процесін зерттеу, қазақ философиясы тұрғысынан да, оның әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси және практикалық шарттылығы тұрғысынан да өзекті.

Қарастырылып отырған диссертациялық зерттеу тарихи-философиялық тұрғыда орындалған және қазақ философиясы тарихындағы философиялық ізденістерді қайта құру мен еркіндік мәселесін шешу болып табылады. Осы саладағы өзіне дейінгі зерттеулерден философиялық ой қозғалысының логикасын ашып көрсетуге, қазақ философиясы дамуының әрбір нақты-тарихи кезеңінде еркіндік құбылысын ашуда жалпылық пен ерекшелікті анықтауға талпыныстар жасауымен, қазақ философиясы тарихындағы осы құбылысты тұтастай қарастыруға баса назар аударуымен ерекшеленеді.

Г.Е. Нүсіпова мәдени-тарихи тәсілге, тарихи-философиялық әдістемеге, кең ұсынылған әдебиетке сүйене отырып, салыстырмалы және герменевтикалық талдауды қолдана келе, еркіндік құбылысын қазақ философиясының әртүрлі бағыттары өкілдерінің әр-алуан көзқарастарының түсіндіру мүмкіндіктері мен үдерістерінде көрініс тапқан динамика мен сан түрлі байланыста ашып көрсетеді.

Атқарылған жұмыс оның авторының зерттеудің мәселелер өрісі мен тақырыптың зерттелу деңгейін жете білуі, ғылыми әдебиеттер мен зерттеудің әдіснамалық негізін меңгергендігін көрсетеді. Диссертация ең алдымен, еркіндік құбылысын зерттеудің теориялық-әдіснамалық және дүниетанымдық негізін әзірлеуде, оның объективистік және субъективистік түсіндірмелері контекстінде еркіндіктің ашылуында, еркіндік мәселесін шешудегі қазақ Ағартушылығының басты ролін ашып көрсетуде, «Алаш» қозғалысы идеяларының тарихи сабақтастығын көрсетуде тәуелсіз Қазақстан философиясындағы еркіндіктің қазіргі заманғы түсіндірмелерін сыни тұрғыдан талдауда көрініс тапқан бірқатар артықшылықтарға ие.

Диссертация тағдыр мифологемасының алдын ала анықталу мен ырық еркіндігі идеясына айналу логикасын ашуда, субстанциализм және антисубстанциализм тұрғысынан еркіндік құбылысын талдауда, герман идеализмі классиктерінің философиясындағы және Гегель мен Энгельстің марксизміндегі еркіндік пен қажеттіліктің арақатынасын сынға алуда, қазақ ағартушылығы мен «еркін адам еркін әлемді жасайды» деген тезисті негіздеуде, «Алаш» қозғалысы өкілдерінің еркіндік мәселесінің қазіргі заманға лайықты бірқатар сұрақтарын шешуде, еркіндік құбылысын посткеңестік кезеңнен кейінгі қазақ философиясының жаңартылған әдіснамалық және дүниетанымдық бағыты тұрғысынан ашуда, сыни және жүйелік әдістер және т. б. мәселелерді жаңаша қойып және оларды шешуде өзгешеленеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені оның нәтижелері жаңашылдыққа ие бола отырып, еркін адам мен еркін қоғамның инновациялық идеяларын одан әрі ілгерілетуге, қазақ философиясының мәселелері аясын кеңейтуге, оның әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар кешенімен, Қазақстандағы жаңғырту үдерістерін идеологиялық жағынан қамтамасыз етумен, қазіргі білім беруді ізгілендірумен байланысын кеңейтуге ықпал етеді.

Диссертацияда алынған нәтижелер мемлекеттік саясатты идеялық-құндылық жағынан қолдауда тәрбие саласында жаңа қазақстандық патриотизмді, қоғамдық сананы жаңғырту және оның бағдарламаларын табысты жүзеге асыруда, «Жаңа Қазақстан» стратегиясының дүниетанымдық тұғырын теориялық негіздеуге және нығайтуға ықпал етеді.

Қорғауға шығарылатын ережелер мазмұнды және диссертациялық зерттеуде жоғары ғылыми-теориялық деңгейде баяндалған дәлелді негізге ие. Оның авторы өзінің философиялық біліктілігін, заманауи зерттеу аппаратын игергендігін және бастапқы дереккөздерді білетіндігін байқатады. Диссертациялық жұмыстың балық бөліктері ішкі логикалық байланыста, зерттеу міндеттері реттелген және бір-біріне ықпал ете отырып жалпы мақсатқа бағындырылған. Мәтіннің мазмұндалуы дәйекті, дәлелденген ережелер өзара байланысқан және өзара бірлікте тақырыпты ашады.

Г.И.Нусипова докторантурада білім алу процесі кезінде және диссертациялық еңбекті жазу барысында өз ісіне деген жауапкершілік пен

жұмыс істеуде адалдығын көрсетті. Оған қажетті философиялық әдебиеттерді сыни тұрғыдан зерделеу мен қазақ философиясының бай мазмұнын игеру, қазақ философиясының жаңартылған зерттеу парадигмасы тұрғысынан өткеннің философиялық мұрасының мол қабаттарын қарастырғаны зерттеу тақырыбын толықтай және мазмұнды ашуға мүмкіндік жасады.

Г.И. Нусипова диссертация тақырыбы бойынша халықаралық нөлдік емес Импакт-фактормен индекстелген Scopus журналдар базасына кіретін басылымдарда және ҚР БҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі Комитет ұсынған журналда 14 мақала жариялады.

Диссертациялық жұмыстың ережелері ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалып, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми-зерттеу жобалары зерттеулерінің бір бөлігі болды.


«Қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысы: дәстүрден жаңғыруға дейін» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, ал оның авторы Г.И.Нусипова «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
доцент



Г.К.Құрманғалиева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің Ғылым комитетінің
«Философия, саясаттану және дінтану институты»
республикалық мемлекеттік қызмалық кәсіпорны.
Республиканское государственное казенное
предприятие «Институт философии, политологии
и религиоведения» Комитета науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан

Құрманғалиева қолын
растаймын
підпись
заверяю
 кадр бөлімі
отдел кадров